

Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қыркүйектегі № 282 "Мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" және 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 300 "Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 88 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 сәуірде № 3148 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 299 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 25.09.2015 № 299 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27, 37-баптарына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 21-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қыркүйектегі № 282 "Мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3014 тіркелген, 2014 жылғы 25 қазандағы "Атырау" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

"Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық көмек көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде :

5–тармағындағы орыс тілі мәтінінде "дительность" деген сөз "длительность" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 300 "Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3022 тіркелген, 2014 жылғы 4 қарашасындағы "Атырау" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарға құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

5-тармағындағы орыс тілі мәтінінде "преме" деген сөз "приеме" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н .

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 11.09.2015 № 286 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Ш . Ж . М ұ қ а н ғ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов